



Қабиев Тілеубек Қабиевич

Қабиев Тілеубек Қабиевич 1942 жылы Павлодар облысы Лебяжі ауданы Шарбақты ауылында дүниеге келген. Тілеубек Қабиевич мектепті бітірген соң, 1960 жылы Семей педагогика институтының физика-математика факультетіне түсіп, 1965 жылы жоғары білімді мамандық иесі атанды. Алғашқы еңбек жолын Шарбақты орта мектепте физика пәнінің мұғалімі қызметінен бастады. Ол өз қызметінің жетік маманы, білімді, білікті ұстаз еді. Тілеубек Қабиевич кәсіби шеберлігімен, жауаптылығымен, тынымсыз еңбекқорлығымен көзге түсіп, 1985 жылы «Отличник Просвещения» белгісімен марапатталды. Қабиев Тілеубек Қабиевич 2002 жылы дүниеден озды.